

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Микробиология, аллергология және иммунология» кафедрасы		50/11
«Микробиология және иммунология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		28 беттің 1 беті

Силлабус

«Микробиология және иммунология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы 6B10115 «Медицина» қысқартылған Білім беру бағдарламасы

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пән коды: МІ 2225	1.6	Оқу жылы: 2025-2026
1.2	Пән атауы: Микробиология және иммунология	1.7	Курс: 2
1.3	Реквизитке дейінгі: -	1.8	Семестр: 3
1.4	Реквизиттен кейінгі: жұқпалы аурулар, балалар жұқпалы аурулары	1.9	Кредит саны (ECTS): 4
1.5	Циклі: БП	1.10	Компонент: ЖК
2.	Пәннің мазмұны		
Микроорганизмдердің морфофизиологиясы мен генетикасы, этиопатогенезі, иммунитеті, зертханалық диагностикасы, профилактикасы туралы білімді қалыптастырады, кейіннен Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтай отырып, иммундық жүйенің жұмыс істеу механизмдері мен диагностикасының иммунологиялық әдістерінің дағдыларын түсінуге ықпал етеді. Ауруларды диагностикалау және емдеу үшін нәтижелерді бағалау негізінде ғылыми білімді қолданады.			
3.	Жиынтық бағалау нысаны		
3.1	Тестілеу ✓	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	Тәжірибелік дағдыларды бағалау ✓	3.8	Басқа (көрсету)
4.	Пәннің мақсаты		
Білім алушыларға патогенді микроорганизмдердің морфологиясы, физиологиясы мен этиопатогенезін, иммундық жүйенің қызмет ету принциптерін, сондай-ақ инфекциялық аурулардың заманауи микробиологиялық және иммунологиялық диагностикасы, алдын алу және емдеу тәсілдерін меңгерту. Пән білім алушылардың клиникалық ойлауын, талдау дағдыларын және дәлелді микробиологиялық-иммунологиялық шешім қабылдау қабілетін қалыптастырады.			
5.	Пәнді оқытудың соңғы нәтижелері		
ОН 1	Иммунитеттің түрлері мен факторларын, аллергиялық реакциялар механизмдерін, иммунопрофилактика және иммунотерапия қағидаттарын біледі және оларды медициналық тәжірибеде қолдануды түсінеді.		
ОН 2	Жұқпалы аурулар қоздырғыштарының таксономиясын, морфологиялық және биологиялық қасиеттерін, берілу жолдары мен патогенезін, клиникалық көріністерін, иммунитетін, зертханалық диагностикасын, арнайы емдеу және алдын алу тәсілдерін меңгереді.		
ОН 3	Бактериологиялық, вирусологиялық және иммунологиялық зерттеу әдістерін біледі және олардың нәтижелерін түсіндіре алады.		
ОН 4	Зерттеу нәтижелері негізінде антибиотиктер мен иммунобиологиялық препараттарды қолдану бойынша дәлелді ұсыныстар береді.		
ОН 5	Биоматериалдарды клиникалық талаптарға сай дұрыс алып, микробиологиялық зерттеуге бағыттау дағдыларын меңгерген.		
ОН 6	Микробиология және иммунология саласындағы оқу, анықтамалық және ғылыми ақпарат көздерімен жұмыс істей алады және алған білімін тәжірибеде қолдана біледі.		
ОН 7	Алынған білімді талдап, синтездеп, оны кәсіби және ғылыми қызметте әрі қарай өзін-өзі дамыту		

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Микробиология, аллергология және иммунология» кафедрасы		50/11
«Микробиология және иммунология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		28 беттің 2 беті

үшін тиімді қолдана алады.		
5.1	Пәннің ОН	Пәннің ОН-мен байланысты ББ оқыту нәтижелері
	ОН 1 ОН 2	ОН 1. Биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік-мінезқұлық ғылымдар саласындағы негізгі білімдерді тәжірибеде қолдана алады.
	ОН 3 ОН 4	ОН 3. Сапалы медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін өз қызметін ҚР Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы шеңберінде жүзеге асырады.
	ОН 5 ОН 6 ОН 7	ОН 7. Денсаулық сақтау, қоршаған орта қауіпсіздігі ұйымдарында қоғамдық денсаулық сақтау, санитарлық-гигиеналық тәртібінің және еңбек қауіпсіздігі нормаларын ескереді.

6.	Пән туралы толық ақпарат					
6.1	Кафедраның орналасқан жері: «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, «Микробиология, аллергология және иммунология» кафедрасы. Әл-Фараби алаңы-3, №2 оқу ғимараты, I қабат, №110, 112, 117, 119б, 123а, 123б оқу аудиториялары. Телефон і/н: 402					
6.2	Сағат саны: 120	Дәріс	Тәжірибелік сабақ	Зерт.сабақ	ОБӨЖ	БӨЖ
		8	32	-	12	68

Оқыту түрі	Кредит саны	Сағат саны	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
дәріс	4	8	1	1	1	1	1	1	1	1	-	-
тәж.сабақ		32	3	3	3	3	3	3	3	3	4	4
ОБӨЖ		12	1	1	1	1	2	1	1	1	1	2
БӨЖ	68-12=56		5	6	6	6	5	6	6	6	5	5
күндік жүктеме			10	11	11	11	11	11	11	11	10	11

7.	Оқытушылар туралы мәліметтер		
№	ПОҚ-ның тегі, аты-жөні	Дәрежесі мен лауазымы	Электрондық адресі
1.	Сейтханова Бибігүл Төлегенқызы	Кафедра меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор	d.m.n._bibigul@mail.ru
2.	Сайлаубекұлы Рәтбек	Медицина ғылымдарының кандидаты	sailaubekuly_r@mail.ru
3.	Нуралиева Гулмира Нурпапаевна	Аға оқытушы	nuralieva70@bk.ru
4.	Джакупова Жанат Ериковна	Аға оқытушы	zhanna.dzhakupova@inbox.ru
5.	Полатбекова Шапағат Төлегенқызы	Аға оқытушы	p.shapagat@mail.ru
6.	Садыбек Ұлдана Әбілқызы	Аға оқытушы	sadybek.uldana@mail.ru
7.	Аргимбек Марал Пернебековна	Оқытушы	Argynbek07@mail.ru

8.	Тақырыптық жоспар					
Апт а/ кү н	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағ ат са ны	Оқытудың әдістері/ технологиялар ы	Бағалау түрлері/ әдістері

1	Дәріс. Иммунитет туралы ілім. Иммундық жүйені ұйымдастырудың және жұмыс істеуінің негізгі принциптері.	Иммунитеттің түрлері (туа біткен және жүре пайда болған). Иммундық жүйенің орталық және шеткі мүшелері. Имунокомпетентті жасушалар (Т- және В-лимфоциттер, макрофагтар, табиғи киллерлер және т.б.) және олардың қызметтері. Иммундық жауаптың негізгі механизмдері. Иммундық жүйенің өзара әрекеттесу принциптері.	ОН1	1	Шолу	кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Иммунитет. Тұрақтылықтың бейспецификалық факторлары.	Бейспецификалық иммунитеттің гуморалды және жасушалық факторлары. Макроорганизмнің табиғи тұрақтылығы. Фагоцитоз және оны бағалау әдістері. Бейспецификалық қорғаныс факторларын анықтау тәсілдері.	ОН1 ОН2	3	Постерлік баяндама дайындау және қорғау, жағдайлық есептерді шешу, жұмыс дәптерін толтыру.	Чек-парақ бойынша бағалау
	ОБӨЖ/БӨЖ. Иммундық жауаптың фазалары мен жасушааралық сигналдар БӨЖ тапсырмасы. 1. Иммундық жауаптың әр фазасына қысқаша сипаттама жазыңыз (кесте түрінде). 2. Екі түрлі цитокиннің биологиялық қызметін салыстырып жазыңыз. 3. «Жасушааралық сигналдардың бұзылуы қандай ауруларға әкелуі мүмкін?» деген сұраққа шағын эссе (150–200 сөз). 4. Суретпен жұмыс: Иммундық жауап кезеңдерін және негізгі	Иммундық жауаптың негізгі фазалары: индукция, активация, эффекторлық және регрессия. Жасушааралық сигналдардың түрлері: цитокиндер, хемокиндер, интерлейкиндер. Имунокомпетентті жасушалар арасындағы өзара әрекеттесу механизмдері.	ОН6	1 (5)	Презентацияны талқылау, тақырып бойынша жағдайлық есептер құрастыру, эссе жазу	Чек-парақ бойынша бағалау

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Микробиология, аллергология және иммунология» кафедрасы		50/11
«Микробиология және иммунология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		28 беттің 4 беті

	цитокиндердің әсер ету жолын сызбамен бейнелеңіз (қолмен салынған немесе электронды түрде).					
2	Дәріс. Антигендер. Антигенді ұсынатын жасушалар. Антиденелер. Жасушалық иммундық жүйе.	Антигендер мен антиген ұсынушы жасушалар, Т-лимфоциттер қызметі, антиденелердің түзілуі, иммундық жауаптың фазалары және иммунологиялық жады.	ОН1	1	Дәріс-визуализация	кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Иммунитеттің спецификалық факторлары. Антигендер және антиденелер.	Т- және В-жасушалық имунитетті бағалау, антигентаныстырушы жасушалар рөлі, антиденелердің авидтілігі және иммунологиялық статус көрсеткіштері.	ОН1 ОН2	3	Постерлік баяндама дайындау және қорғау, жағдайлық есептерді шешу, жұмыс дәптерін толтыру.	Чек-парақ бойынша бағалау
	ОБӨЖ/БӨЖ. Иммуноглобулиндердің қолданбалы маңызы. БӨЖ тапсырмасы. 1. Сарысудағы иммуноглобулиндердің жоғарылауы немесе төмендеуі қандай ауруларда кездесетінін нақты мысалдармен жазыңыз. 2. «Иммуноглобулиндер негізіндегі препараттар қай ауруларды емдеуде қолданылады?» тақырыбына эссе (150–200 сөз). 3. Электронды түрде немесе қолмен иммуноглобулиндердің құрылымдық сызбасын бейнелеңіз.	Иммуноглобулиндердің диагностикалық және терапевтік маңызы. Моноклоналды антиденелердің клиникалық қолданылуы.	ОН6	1 (6)	Презентацияны талқылау, тақырып бойынша жағдайлық есептер құрастыру, эссе жазу	Чек-парақ бойынша бағалау
3	Дәріс. Аллергиялық	Аллергиялық	ОН1	1	Тақырыптық	кері

реакциялардың иммунологиялық негіздері. Серологиялық реакциялар.	реакциялардың түрлері (I–IV типтері) және олардың иммунологиялық механизмдері. Аллергия кезінде қатысатын жасушалар мен медиаторлар. Аутоиммундық реакциялар мен гиперсезімталдық түрлері. Серологиялық реакциялардың түрлері және олардың иммунологиялық диагностикада қолданылуы.				байланыс сұрақтары
Тәжірибелік сабақ. Аллергиялық реакциялардың иммунологиялық негіздері. Серологиялық реакциялар.	Аллергиялық реакциялардың негізгі түрлерін клиникалық және иммунологиялық тұрғыдан ажырату. Иммуноглобулин Е деңгейін анықтау. Серологиялық реакциялардың лабораториялық түрлерін жүргізу және нәтижелерін интерпретациялау (агглютинация, преципитация, ИФА, РИФ және т.б.). Диагностикалық мақсатта қолданылатын антиген- антидене өзара әрекеттесу реакцияларын бағалау.	ОН1 ОН2	3	Постерлік баяндама дайындау және қорғау, жағдайлық есептерді шешу, жұмыс дәптерін толтыру.	Чек-парақ бойынша бағалау
ОБӨЖ/БӨЖ. Қолданбалы иммунологиялық әдістердің клиникалық маңызы: онкология, инфекциялық аурулар, генетикалық диагностикада қолдану. БӨЖ тапсырмасы. 1. Кесте құрыңыз: иммунологиялық әдіс – қолданылатын сала –	Онкологиялық, инфекциялық және тұқым қуалайтын ауруларды анықтауда қолданылатын иммунологиялық әдістердің диагностикалық және болжамдық маңызы. Иммуноферменттік талдау (ИФА), полимеразды тізбекті реакция (ПТР), иммуногистохимия және басқа да әдістердің	ОН6	1 (6)	Презентацияны талқылау, тақырып бойынша жағдайлық есептер құрастыру, эссе жазу	Чек-парақ бойынша бағалау

	мақсаты/диагностикалық құндылығы. 2. Онкологияда қолданылатын бір иммунологиялық әдісті таңдап, оның принципі мен клиникалық маңызын сипаттаңыз (100–150 сөз). 3. Генетикалық иммунодиагностикада қолданылатын мысалдарды келтіріп, оның артықшылықтарын түсіндіріңіз. 4. Суретпен жұмыс: қолданбалы иммунологиялық әдістердің қолданылу тізбегін (қадамдарын) көрсететін инфографика немесе сызба жасаңыз (қолмен немесе электронды түрде).	клиникалық практикада қолданылуы.				
4	Дәріс. Ірінді-қабыну және ірінді-септикалық инфекциялардың қоздырғыштары.	Стафилококк, стрептококк, менингококк, гонококк және псевдомонадалардың биологиялық қасиеттері. Қоздырғыштардың морфологиясы, культуральды және биохимиялық ерекшеліктері. Аталған инфекцияларды диагностикалаудың негізгі микробиологиялық әдістері, емдеу тәсілдері және алдын алу шаралары.	ОН2	1	Дәріс - арандату (жоспарланған қателермен дәріс)	кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Ірінді-қабыну және ірінді-септикалық инфекциялардың қоздырғыштары.	Стафилококк, стрептококк және пневмококк қоздырғыштарының морфологиясы, дақылдық және биохимиялық қасиеттері. Олардың патогенезі және	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5	3	Постерлік баяндама дайындау және қорғау, зертханалық жұмысты орындау,	Чек-парақ бойынша бағалау

		микробиологиялық диагностикасының негізгі әдістері. Зертханалық диагностика принциптері және спецификалық профилактика тәсілдері.			жұмыс дәптерін толтыру.	
	ОБӨЖ/БӨЖ. Көкірінді мен гемофилді таяқшаның биологиялық ерекшеліктері. БӨЖ тапсырмасы. 1. Көкірінді және гемофилді таяқшаның морфологиялық, дақылдық, биохимиялық және патогендік қасиеттерін салыстырмалы кестеде көрсетіңіз. 2. Әр қоздырғышқа жеке сипаттама жазыңыз (құрылымы, ауру туындатуы, диагностикасы, емі). 3. Клиникалық маңызын салыстырыңыз. 4. Әр микроорганизмнің сыртқы құрылымын немесе дақылдану көрінісін суретпен бейнелеңіз.	<i>Pseudomonas aeruginosa</i> және <i>Haemophilus influenzae</i> микроорганизмдерінің морфологиясы, дақылдық және биохимиялық қасиеттері. Патогендік факторлары мен инфекциялық процестегі рөлі. Микробиологиялық диагностика әдістері және антибиотиктерге сезімталдық ерекшеліктері.	ОН6 ОН7	1 (6)	Презентацияны талқылау, тақырып бойынша жағдайлық есептер құрастыру, эссе жазу, Scopus, Web of Science ғылыми журналдарынан ғылыми мақалаларды талдау (RBL) және т.б.	Чек-парақ бойынша бағалау
5	Дәріс. Патогенді кластридиялар. Жарақаттық инфекция қоздырғыштары.	Патогенді анаэробтардың жалпы сипаттамасы. Сіреспе, газды гангрена және ботулизм қоздырғыштары және олардың морфологиясы, токсиндері мен биологиялық қасиеттері. Аталған инфекцияларды микробиологиялық диагностикалау әдістері және спецификалық профилактика шаралары.	ОН2	1	Шолу	кері байланыс сұрақтары

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Микробиология, аллергология және иммунология» кафедрасы		50/11
«Микробиология және иммунология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		28 беттің 8 беті

	Тәжірибелік сабақ. Анаэробты инфекция қоздырғыштары.	Clostridium туысына жататын анаэробты қоздырғыштардың морфологиясы, дақылдық және биохимиялық қасиеттері. Анаэробты жағдайда өсіру әдістері. Микробиологиялық диагностика принциптері: бактериоскопия, дақылдандыру, токсинге биологиялық сынама. Аталған қоздырғыштарға қарсы профилактика шаралары.	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5	3	Постерлік баяндама дайындау және қорғау, жағдайлық есептерді шешу, жұмыс дәптерін толтыру.	Чек-парақ бойынша бағалау
	ОБӨЖ/БӨЖ. АБ №1	Аралық бақылау пәннің алғашқы модуліндегі теориялық және практикалық материалдарды қамтиды.	ОН1- ОН7	2 (5)	Аралық бақылаудың билет сұрақтары	Ауызша/ жазбаша бақылау
6	Дәріс. Ішек инфекция қоздырғыштары.	Ішек инфекцияларының негізгі қоздырғыштары: эшерихиялар, сальмонеллалар, шигеллалар. Олардың морфологиясы, дақылдық қасиеттері және адамда тудыратын патологиясы. Жіті ішек инфекцияларын диагностикалауда қолданылатын бактериологиялық зерттеу әдістері.	ОН2	1	Дәріс - арандату (жоспарланған қателермен дәріс)	кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Ішек инфекция қоздырғыштары. Жедел диареялық инфекция қоздырғыштары. Тырысқақ.	Эшерихия, шигелла және сальмонелла қоздырғыштарының морфологиясы, дақылдық қасиеттері және микробиологиялық диагностикасы. Тырысқақтың патогенезі, клиникалық-эпидемиологиялық ерекшеліктері. Жіті ішек инфекцияларының алдын алу және емдеу принциптері.	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5	3	Постерлік баяндама дайындау және қорғау, зертханалық жұмысты орындау, жұмыс дәптерін толтыру.	Чек-парақ бойынша бағалау

	ОБӨЖ/БӨЖ. Микоздар, патогенді қарапайымдылар. БӨЖ тапымасы. 1. Микоздардың және патогенді қарапайымдылардың негізгі түрлерін қоздырғышы, берілу жолы, зақымдалатын мүшелері және диагностикасы бойынша кестеде салыстырыңыз. 2. Бір микозға және бір протозойлы инфекцияға сипаттама жазыңыз (құрылымы, патогенезі, клиникасы, емдеу әдістері). 3. Микоздар мен қарапайымдылардың арасында ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстырып талдаңыз. 4. Олардың даму циклін немесе ағзаға ену жолдарын бейнелейтін сызба немесе сурет дайындаңыз.	Патогенді зендер мен қарапайымдылардың морфологиясы, өмірлік циклдері және лабораториялық диагностика әдістері. Терідегі, шырышты қабықтардағы және жүйелік микоздардың клиникалық ерекшеліктері. Протозойлы инфекциялардың эпидемиологиясы және алдын алу шаралары. Микробиологиялық және паразитологиялық зерттеу әдістерін сипаттау.	ОН6 ОН7	1 (6)	Презентацияны талқылау, тақырып бойынша жағдайлық есептер құрастыру, эссе жазу, Scopus, Web of Science ғылыми журналдарынан ғылыми мақалаларды талдау (RBL) және т.б.	Чек-парақ бойынша бағалау
7	Дәріс. Аса қауіпті инфекциялардың қоздырғыштары.	Тырысқақ, оба, сібір жарасы және туляремия қоздырғыштарының морфологиясы, дақылдық қасиеттері және патогенезі. Осы инфекцияларды диагностикалауда қолданылатын микробиологиялық әдістердің ерекшеліктері.	ОН2	1	Дәріс-кеңес беру	кері байланыс сұрақтары

Тәжірибелік сабақ. Ауа-тамшы инфекция қоздырғыштары.	Туберкулез, менингококты инфекция, дифтерия және көкжөтел қоздырғыштарының морфологиясы, дақылдық қасиеттері, патогенезі және микробиологиялық диагностикасы. «Жөтел пластинка» әдісінің мәні мен қолданылуы. Аталған аурулардың спецификалық профилактикасы (вакцинация, БЦЖ, АҚДС және т.б.).	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5	3	Постерлік баяндама дайындау және қорғау, зертханалық жұмысты орындау, жұмыс дәптерін толтыру.	Чек-парақ бойынша бағалау
ОБӨЖ/БӨЖ. Қазақстандағы карантиндік және зооноздық инфекциялар. БӨЖ тапсырмасы. 1. Қазақстанда тіркелетін негізгі карантиндік және зооноздық инфекцияларды атап, оларды қоздырғышы, берілу жолы, клиникалық көрінісі және алдын алу шаралары бойынша кестеде салыстырыңыз. 2. Таңдалған бір қысқаша сипаттама жазыңыз (150–200 сөз). 3. Қазақстандағы эпидемиологиялық жағдайға шолу жасап, өңірлік ерекшеліктерін сипаттаңыз. 4. Инфекциялардың таралуын болдырмауға бағытталған санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сызба түрінде бейнелеңіз.	Қазақстандағы карантиндік және зооноздық инфекциялар қоздырғыштары: оба, бруцеллез, сібір жарасы, зооноздық терілік лейшманиоз, Қырым-Конго геморрагиялық қызбасы және бүйрек синдромымен өтетін геморрагиялық қызба. Олардың морфологиясы, культуральды қасиеттері, патогенезі және микробиологиялық диагностикасы. Берілу жолдары, табиғи резервуарлары, патогенезі және Қазақстандағы эпидемиологиялық жағдайы. Диагностикасы және алдын алу шаралары.	ОН6 ОН7	1 (6)	Презентацияны талқылау, тақырып бойынша жағдайлық есептер құрастыру, эссе жазу, Scopus, Web of Science ғылыми журналдарынан ғылыми мақалаларды талдау (RBL) және т.б.	Чек-парақ бойынша бағалау

8	Дәріс. Респираторлы вирусты инфекция қоздырғыштары	Тұмау, парагрипп, аденовирус және коронавирус инфекцияларының қоздырғыштары. Олардың морфологиясы, антигендік құрылымы, жіктелуі, дақылдық қасиеттері және патогенезі. Респираторлы вирустардың таралу ерекшеліктері және асқынулары. Микробиологиялық және молекулалық диагностика әдістері. Спецификалық профилактика мен вакциналардың түрлері.	ОН2	1	Дәріс-конференция	кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Жедел респираторлық вирустық инфекция қоздырғыштары.	Тұмау, парагрипп, аденовирус және коронавирус инфекцияларының қоздырғыштарын зертханалық жағдайда диагностикалау әдістері. Қызылша, қызылша, желшешек, эпидемиялық паротит қоздырғыштарының морфологиясы, репродукция ерекшеліктері, антигендік құрылымы. Назофарингеальді жағынды алу, вирустарды өсіру ортасы мен жүйелері (жасуша дақылдары, тауық эмбрионы). Иммуноферменттік (ИФА) және полимеразды тізбекті реакция (ПЦР) әдістері арқылы экспресс-диагностика. Диагностикалық нәтижелерді бағалау. Спецификалық профилактика құралдарымен (вакциналармен) танысу.	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5	3	Постерлік баяндама дайындау және қорғау, зертханалық жұмысты орындау, жұмыс дәптерін толтыру.	Чек-парақ бойынша бағалау

	ОБӨЖ/БӨЖ. Нейровирустық инфекция қоздырғыштары. БӨЖ тапсырмасы. 1. Нейровирустық инфекциялар тудыратын негізгі вирустарды олардың берілу жолы, жүйке жүйесіне әсері және диагностикасы бойынша кестеде көрсетіңіз. 2. Бір нейротропты вирусты тандап, оның ағзаға ену жолын, патогенезін және клиникалық көріністерін сипаттаңыз (150–200 сөз). 3. Жүйке жүйесін зақымдайтын вирустардың қауіптілігі мен алдын алу шаралары туралы шағын шолу жасаңыз. 4. Вирустың жүйке жүйесіне жету жолын немесе таралу механизмін сызба түрінде бейнелеңіз.	Қазақстандағы құтыру мен кене энцефалитінің эпидемиологиялық жағдайы, жұғу жолдары мен қауіпті аймақтары. Құтыру вирусы мен кене энцефалиті вирусының биологиялық ерекшеліктері. Алдын алу шаралары: вакцинация, эпидқадағалау, тұрғындар арасында санитарлық-ағарту жұмыстары. Кене энцефалитінің маусымдылығы және халыққа қарсы профилактикалық бағдарламалар.	ОН6 ОН7	1 (6)	Презентацияны талқылау, тақырып бойынша жағдайлық есептер құрастыру, эссе жазу, Scopus, Web of Science ғылыми журналдарынан ғылыми мақалаларды талдау (RBL) және т.б.	Чек-парақ бойынша бағалау
9	Тәжірибелік сабақ. Герпесвирустар. Адамның иммунды тапшылық вирусы. Онкогенді вирустар.	Адам герпес вирустарының негізгі түрлері. Олардың морфологиясы, репликация ерекшеліктері, латенттілік қасиеті және жасушалық тропизмі. Клиникалық маңызы бар герпесвирус инфекцияларының сипаттамасы. Диагностика әдістері: ИФА, ПЦР, цитология. АИТВ-ның морфологиясы, геномдық	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5	4	Постерлік баяндама дайындау және қорғау, жағдайлық есептерді шешу, жұмыс дәптерін толтыру.	Чек-парақ бойынша бағалау

		құрылымы және репликация ерекшеліктері. АИТВ инфекциясының сатылары, клиникалық көріністері және спецификалық диагностика әдістері. Онкогенді вирустардың ісіктердің дамуына әсері, вирустардың онкопротеиндері және жасушалық трансформация механизмдері. Иммунопрофилактиканың және вирусқа қарсы терапияның негіздері.				
ОБӨЖ/БӨЖ. Риккетсиоздар мен боррелиоздар БӨЖ тапсырмасы. 1. Риккетсиялар мен боррелиялардың морфологиясы, берілу жолдары, қоздыратын аурулары және диагностикалық әдістері бойынша салыстырмалы кесте құрыңыз, 2. Бір риккетсиозға және бір боррелиозға қысқаша сипаттама жазыңыз (құрылымы, патогенезі, клиникалық белгілері, емдеу жолдары). 3. Олардың табиғи-ошақтық инфекция ретінде таралу ерекшеліктерін сипаттаңыз. 4. Зертханалық диагностика немесе тасымалдаушы кененің рөлін бейнелейтін сызба (сурет) жасаңыз.	Риккетсиялар мен боррелиялардың морфологиясы, биологиялық ерекшеліктері және тасымалдаушылары. Эпидемиялық және кенелік бөртпе сүзек, Q қызбасы, Лайм боррелиозы сияқты табиғи-ошақты трансмиссивті инфекциялардың қоздырғыштары. Бұл аурулардың патогенезі, клиникалық көріністері, микробиологиялық және серологиялық диагностика әдістері. Эпидемиологиялық маңызы және профилактикалық шаралар.	ОН6 ОН7	1 (5)	Презентацияны талқылау, тақырып бойынша жағдайлық есептер құрастыру, эссе жазу, Scopus, Web of Science ғылыми журналдарынан ғылыми мақалаларды талдау (RBL) және т.б.	Чек-парақ бойынша бағалау	

ONȚŪSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Микробиология, алергология және иммунология» кафедрасы		50/11
«Микробиология және иммунология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		28 беттің 14 беті

10	Тәжірибелік сабақ. Энтеровирусты және ротавирусты инфекция қоздырғыштары. Вирустық гепатиттер.	Энтеровирустар (Coxsackie, ЕСНО, полиовирустар) мен ротавирустардың морфологиясы, репликация ерекшеліктері, қоздыратын аурулар мен берілу жолдары. Вирустық гепатиттердің қоздырғыштарының құрылымы, патогенезі, таралу жолдары, инкубациялық кезеңдері. Зертханалық диагностика әдістері, алдын алу және вакцинация. Балалардағы энтеровирусты инфекциялар мен ересектердегі вирустық гепатиттің клиникалық ерекшеліктеріне шолу.	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5	4	Постерлік баяндама дайындау және қорғау, жағдайлық есептерді шешу, жұмыс дәптерін толтыру.	Чек-парақ бойынша бағалау
	ОБӨЖ/БӨЖ. АБ №2	Аралық бақылау пәннің екінші модуліндегі теориялық және практикалық сабақ материалдары негізінде өтеді.	ОН1- ОН7	2 (5)	Аралық бақылаудың билет сұрақтары	Ауызша/ жазбаша бақылау

Аралық аттестацияны дайындау және өткізу

12

9. Оқыту әдістері және бақылау түрлері

9.1	Дәріс	Шолу, дәріс-визуализация, дәріс-арандату (жоспарланған қателермен дәріс), дәріс-конференция, дәріс-кеңес беру.
9.2	Тәжірибелік сабақ	Постерлік баяндама дайындау және қорғау, жағдаяттық есептер шығару, зертханалық жұмысты орындау, жұмыс дәптерін толтыру.
9.3	БӨЖ/ОБӨЖ	Презентацияны талқылау, тақырып бойынша жағдайлық есептер құрастыру, эссе жазу, Scopus, Web of Science ғылыми журналдарынан ғылыми мақалаларды талдау (RBL) және т.б.
9.4	Аралық бақылау	Аралық бақылаудың билет сұрақтары

10. Бағалау критерийлері

10.1 Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

Оқыту нәтижелері	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН1 Иммунитеттің түрлері мен факторларын, аллергиялық реакциялар	1) Иммунитеттің негізгі түрлерін және аллергиялық реакциялар	1) Иммунитет түрлерін, негізгі факторларын атайды. 2) Аллергиялық	1) Иммунитет түрлерін, аллергиялық реакция механизмдерін	1) Барлық иммунитет түрлері мен факторларын нақты жіктеп,

механизмдерін, иммунопрофилактика және имунотерапия қағидаттарын біледі және оларды медициналық тәжірибеде қолдануды түсінеді.	механизмдерін толық білмейді. 2) Иммунотерапия мен иммунопрофилактика қағидаттарын сипаттай алмайды. 3) Медициналық тәжірибеде қолдану мүмкіндігін түсінбейді.	реакциялардың жалпы механизмдерін сипаттай алады. 3) Иммунотерапия мен иммунопрофилактика негіздерін түсінеді, бірақ клиникалық мысалдармен нақты байланыстырмайды.	толық түсіндіре алады. 2) Иммунотерапия мен иммунопрофилактика қағидаттарын нақты мысалдармен байланыстырады. 3) Медицинадағы қолдану аспектілерін дұрыс көрсетеді.	салыстырып береді. 2) Аллергиялық реакциялардың сатыларын, жасушалық және гуморальдық механизмдерін талдайды. 3) Иммунотерапия мен иммунопрофилактиканы клиникалық практикамен байланыстыра отырып, дәлелді түсіндіреді. 4) Күрделі жағдайларды бағалап, өз ұсынысын ұсына алады.
ОН2 Жұқпалы аурулар қоздырғыштарының таксономиясын, морфологиялық және биологиялық қасиеттерін, берілу жолдары мен патогенезін, клиникалық көріністерін, имунитетін, зертханалық диагностикасын, арнайы емдеу және алдын алу тәсілдерін меңгереді.	1) Қоздырғыштардың таксономиясы мен морфологиясын білмейді немесе шатастырады. 2) Патогенез, имунитет, диагностика және алдын алу шараларын ажырата алмайды.	1) Қоздырғыштардың негізгі таксономиялық орнын, морфологиясын атайды. 2) Патогенезді жалпы сипаттайды. 3) Диагностика мен алдын алу тәсілдерін шектеулі түрде түсіндіреді.	1) Қоздырғыштардың таксономиясын, морфологиясы мен биологиялық ерекшеліктерін жүйелі түсіндіреді. 2) Берілу жолдарын, патогенезін, клиникалық көріністерін нақтылайды. 3) Имунитет түрлерін, зертханалық диагностиканы дұрыс сипаттайды. 4) Арнайы ем және алдын алу	1) Қоздырғыштардың барлық сипаттамаларын (таксономия, морфология, биология) терең меңгерген. 2) Клиникалық көрініс пен патогенез арасындағы байланысты талдайды. 3) Имунитет қалыптасу ерекшеліктерін, зертханалық диагностика әдістерін салыстырып, дәлелмен сипаттайды. 4) Арнайы ем мен

			жолдарын нақты айтады.	алдын алу тәсілдерін клиникалық жағдайға сәйкес ұсына алады.
ОНЗ Бактериологиялық, вирусологиялық және иммунологиялық зерттеу әдістерін біледі және олардың нәтижелерін түсіндіре алады.	1) Зерттеу әдістерін (бактериологиял ық, вирусологиялық, иммунологиялы к) атауда немесе ажыратуда қателеседі. 2) Зерттеу нәтижелерін түсіндірмейді немесе бұрмалайды.	1) Негізгі зерттеу әдістерін атайды. 2) Әдістердің мақсаттарын жалпы түсіндіре алады. 3) Нәтижелерді қарапайым деңгейде түсіндіреді, бірақ терең талдау жасай алмайды.	1) Әр зерттеу әдісін сипаттап, қай кезде қолданылатыны нақты айтады. 2) Нәтижелерді клиникалық жағдаймен байланыстырып түсіндіре алады. 3) Әдістердің артықшылығы мен шектеулерін түсінеді.	1) Бактериологиялы қ, вирусологиялық және иммунологиялық әдістерді салыстырып, олардың қолдану саласын терең түсіндіреді. 2) Зерттеу нәтижелерін дәл талдап, нақты қорытынды жасайды. 3) Әдістерді диагностикалық мақсатта тиімді тандап, дәлелмен негіздейді.
ОН4 Зерттеу нәтижелері негізінде антибиотиктер мен иммунобиологиялық препараттарды қолдану бойынша дәлелді ұсыныстар береді.	1) Зерттеу нәтижелерін түсінбейді немесе қате талдайды. 2) Антибиотиктер мен иммунобиология лық препараттар бойынша ұсыныс бере алмайды.	1) Зерттеу нәтижелерін ішінара түсіндіреді. 2) Жалпы антибиотиктер мен иммунобиология лық препараттарды атауға қабілетті. 3) Ұсыныстар нақты емес немесе дәлелсіз.	1) Зерттеу нәтижелерін дұрыс интерпретациял айды. 2) Препараттарды дұрыс тандап, негізді ұсыныстар береді. 3) Өртүрлі препараттардың ерекшеліктерін біледі.	1) Зерттеу деректерін терең талдайды. 2) Қоздырғыштың сезімталдығына және иммундық статусына сүйене отырып, дәлелді емдік ұсыныстар ұсынады. 3) Клиникалық жағдайларға сараптамалық тұрғыдан баға береді.

ОН5 Биоматериалдарды клиникалық талаптарға сай дұрыс алып, микробиологиялық зерттеуге бағыттау дағдыларын меңгерген.	1) Биоматериал түрлерін ажырата алмайды. 2) Алу және тасымалдау ережелерін сақтамайды. 3) Зертханаға дұрыс бағыттау әрекеттері орындалмайды.	1) Биоматериал түрлерін атайды, бірақ кейбір қателіктер жібереді. 2) Алу тәртібі мен тасымалдау жолдарын шектеулі түрде біледі. 3) Зертханаға бағыттауында толық емес мәлімет береді.	1) Биоматериалды дұрыс тандайды және алудың негізгі талаптарын орындайды. 2) Тасымалдау шарттарын сақтайды. 3) Микробиологиялық зертханаға бағыттауды дұрыс рәсімдейді.	1) Биоматериалды клиникалық жағдайға сәйкес дәл тандап, кәсіби деңгейде алады. 2) Асептика, сақтау және тасымалдау талаптарын толық сақтайды. 3) Жеткізу формаларын дұрыс және толық толтырып, зертхана талаптарына сай бағыттайды.
ОН6 Микробиология және иммунология саласындағы оқу, анықтамалық және ғылыми ақпарат көздерімен жұмыс істей алады және алған білімін тәжірибеде қолдана біледі.	1) Ақпарат көздерін таба алмайды немесе дұрыс пайдаланбайды. 2) Ғылыми дереккөздерді саралай алмайды. 3) Білімін тәжірибеде қолдануында айқын қателіктер бар.	1) Негізгі оқу және анықтамалық әдебиеттерді қолдана алады. 2) Ғылыми мақалалармен ішінара жұмыс істейді. 3) Білімін тәжірибеге ішінара қолдана алады, бірақ толық байланыс жасамайды.	1) Түрлі ақпарат көздерінен қажетті мәліметтерді тиімді іздеп табады. 2) Ғылыми мақалаларды талдап, қорытынды шығара алады. 3) Алған білімін клиникалық жағдаяттармен байланыстыра біледі.	1) Ғылыми, оқу және анықтамалық дереккөздерді кәсіби деңгейде қолданады. 2) Ақпаратты сыни тұрғыдан бағалап, дәлелді қорытындылар жасайды. 3) Алған білімді нақты клиникалық жағдайларға шығармашылықпен бейімдейді.
ОН7 Алынған білімді талдап, синтездеп, оны кәсіби және ғылыми қызметте әрі қарай өзін-өзі дамыту үшін тиімді қолдана алады.	1) Теориялық білімді өз бетінше талдай алмайды. 2) Өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыс байқалмайды. 3) Ғылыми және кәсіби қызметте білімін қолдана алмайды.	1) Алған білімді белгілі бір жағдайда қолдана алады. 2) Кәсіби дамуға қызығушылық танытады, бірақ жүйелі жұмыс жасамайды. 3) Білімін практикамен ішінара	1) Білімін саралап, нақты мәселелерді шешуде қолданады. 2) Ғылыми және кәсіби бағытта өзін-өзі жетілдіру стратегияларын жоспарлайды. 3) Жағдайға	1) Алған білімін терең талдап, жаңаша синтездей алады. 2) Ғылыми ізденіс пен кәсіби дамуды үздіксіз жүзеге асырады. 3) Күрделі практикалық және академиялық

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Микробиология, аллергология және иммунология» кафедрасы		50/11
«Микробиология және иммунология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		28 беттің 18 беті

		байланыстырады	сәйкес білімін тиімді пайдаланады.	мәселелерді шешуде білімін шығармашылықпен қолданады.	
--	--	----------------	------------------------------------	---	--

10.2 Бағалау әдістері және критерийлері

Тәжірибелік сабаққа арналған тексеру парағы

№	Бағалау критерийі	Деңгейі			
		өте жақсы	жақсы	қанағат-лық	қанағат-сыз
1	Постерлік баяндама дайындау және қорғау	17-20	15-17	10-15	0-10
2	Жағдайлық есептерді шешу/Зертханалық жұмысты орындау	26-30	20-26	15-20	0-15
3	Жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындау	47-50	35-46	25-34	0-24
Қорытынды баға:		90-100	70-89	50-69	0-49

1. Постерлік баяндама дайындау және қорғау

№	Бағалау критериясы	Балл
